

1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына бөлінген бюджеттік несиені есептеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қараша N 1399

1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына бөлінген бюджеттік несие бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі болуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1996 жылға арналған республикалық бюджетке көзделген қаржы сомасы шотына 1996 жылғы 1 қарашадағы жағдайы бойынша проценттері қосылған 301926,0 мың теңге сомасындағы несиеге мынадай есептеу жүргізісін:

"Еңбекақыға есептеу" 2-бабы бойынша Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - 112115,2 мың теңге, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне 12000 мың теңге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетіне - 18000 мың теңге, Шекара әскерлері әскери институтына 800 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне санаторийлық-курорттық емдеуді төлеуге және пайдаланылмаған санаторийлық-курорттық жолдамаларды өтеуге 85510,8 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - Қызылорданың 6-ЖЭО алдындағы қарызын өтеу үшін, оның Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына 19000 мың теңге берешегі шегінде;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне - Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры алдындағы берешегі шегінде Семей "Гортеплокоммунэнерго" өндірістік бірлестігі алдындағы кредиттік берешегін өтеуге - 8000 мың теңге және ЖЭО-ға - 21000 мың теңге, Алматы трамвай-троллейбус басқармасына 25500 мың теңге.

Аталған есептеу 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

Зейнетақы қоры осы қаулымен жүргізілген есептеуге жоғарыда көрсетілген төлем төлеушілердің Зейнетақы қорының алдындағы берешегін өтеуді ескере отырып Зейнетақы қорының 1996 жылға арналған кірістер және шығыстар бөлігінде тиісті өзгерістер енгізісін;

санаторийлық-курорттық емдеуді төлеу және пайдаланбаған
санаторийлық-курорттық жолдамалардың өтемақысы жөніндегі берешекті
есептеу сомасы бойынша өзара қатысы жөнінде тиісті операциялар
жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК